



Батыс Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2022 жылғы әкімшілік практикасы

ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 682-бабына сәйкес департамент – әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті орган болып табылады.

ҚР ӘҚБтК-нің 722-бабына сәйкес, ҚР ӘҚБтК-нің 207, 238, 239-баптарымен әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану департаменттің құзыретіне кіреді.

2022 ж. департаментпен 520 әкімшілік құқықбұзушылық анықталды. Ал 2021 жылы мұндай қылмыс саны 659 болды. Былтыр анықталған 520 қылмыстың 32-сі соттың жеке ұйғарымдарымен, 52 іс прокуратураның нұсқамаларымен, 18-і – құқықбұзушылық ішкі аудит қызметінің материалдары негізінде қозғалса, 85-і тексеру комиссиясы материалдарымен, 43 іс «Әділдік жолы» РҚБ өтінішімен және 290 іс департаменттің ұйымдастырған іс-шаралары негізінде қозғалды. Құқықбұзушылықтардың нобайы мемлекеттік сатып алу саласында анықталды. Оның саны – 335. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті бұзғаны үшін қозғалған істер саны – 95.

Сонымен қатар департамент құзыреті шегінде берілген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды орындамау немесе тиісінше орындамау бойынша 90 әкімшілік өндірісі қозғалды.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманы жасау кезінде жауапты адам құ-

қық бұзушыға 7 тәулік ішінде көрсетілген айыппұлдың 50%-ын төлеу құқығын түсіндіреді және тұлғаға әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманың көшірмесін береді. Яғни ҚР ӘҚБтК-нің 811-бабының 2-бөлігімен көрсетілген айыппұл сомасының 50%-ы бір апта ішінде төленсе, іс қаралатынын тікелей анықтайды. Берілген құқықты пайдаланбаған немесе тиісінше пайдаланбаған (50% айыппұл төлеген) жағдайда әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі жүргізу жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған 520 әкімшілік іс жүргізу кезінде департамент 362 хаттаманы қысқартылған іс жүргізу тәртібімен толтырылса, 158 әкімшілік іс сотта қаралды. Әкімшілік іс жүргізудің қысқартылған тәртібі әкімшілік істердің жалпы санының 69,6%-ын құрады. Ал 2021 жылы ол көрсеткіш – 60,5% болған. Департаменттің былтырғы мәліметтері бойынша әкімшілік құқықбұзушылық туралы қысқартылған өндіріс мемлекет қазынасына 33,9 миллион теңгеден астам кіріс түсіруге мүмкіндік берді.

Мұндай статистикалық мәліметтер айыппұлдарды мерзімінен бұрын төлеу тетігі өзінің іс жүзінде қолданысын тауып, өзін толық ақтап алғанын көрсетеді.

Қысқартылған өндіріс саласын кеңейту заңнаманы ізгілендіру мақсаттарын көздеп қана қоймай, айыппұлдарды өндіруге де ықпал етеді.

Батыс Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

«Гелиос» ЖШС Орал филиалы БҚО, Орал қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 181, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі мекенжайында орналасқан №5 ЖҚС күрделі жөндеу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар жүргізуде. Жобалық құжаттама бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecorportal.kz/>) 16 наурыздан бастап 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданады: ecorportal.kz сілтемесі бойынша.

«Батыс Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 13.04.2023 жылы сағат 12.00-де БҚО, Бөкей ордасы ауданы, Бисен ауылы, Б. Жанекешев көшесі, 15 (әкімдік ғимараты) мекенжайында «БҚО Бөкей ордасы ауданындағы Чапаев – Жаңақала – Сайқын» автожолының 307-337 км күрделі жөндеу» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен www.ecorportal.kz бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=kk> танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ tabigat_zko@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылатын болады.

Жоспарланған қызметтің бас-тамашысы: «Батыс Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ, БСН 000340000426, БҚО, Орал қаласы, Х. Чурин көшесі, 116, тел.: 8(7112)51-91-64.

РҚБ әзерлеушісі: «КАЗДОРПРОЕКТ» ЖШС, БСН 970540002649, ШҚО, Өскемен қ., Бурова көшесі, 69, тел.: 8-(7272)-26-29-89

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: БҚО, Орал қ., Х. Чурин көшесі, 116, тел.: 8(7112)51-91-64.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті **2023 жылғы 17 наурызда сағат 15:00-де «Қазушар» ШЖҚ РМК Сырым топтық су құбыры желісінің** магистральдық желілері арқылы су беру қызметі үшін тарифі мен тарифтік сметасының жобасын қарау бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау мына мекенжай бойынша өтеді: Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, Алаш Орда көшесі, 11-үй.

Департамент тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды, Қазақстан Республикасы Парламенті және мәслихаттар депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарының, мемлекеттік құрылымдардың, табиғи монополия субъектісінің, бұқаралық ақпарат құралдары-

Сырым ауданындағы Қособа ауылының тұрғыны болған сүйікті қызымыз, инабатты келіміз, аяулы ана, сүйікті жар **Таңшолпан Муканова** арамызда болса, 8 наурыз 30 жасқа толар еді. Амал қанша, сұм ажал арамыздан ерте алып кетті. Жатқан жері жарық, топырағы торқа, иманы жолдас болсын. Сені сағына еске аламыз. Алланың әміріне көнеміз. Артыңда қалған екі қызғалдағыңды желеп-жебеп жатқайсың.



Көктемнің сәуір бұл айы,
Батырып кетті зор қайғы.
Келмедің, Тәңгім, сағындым,
Уақыт та зулап зырлайды
Жиырма тоғызыншы көктемі
Отызға жасы жетпеді
Сәбиден айырып анасын
Сұм ажал келіп-кеткені
«Маңдайға жазған о баста»,
Деп айтамыз кейде құр босқа
Қолынан болды-ау ажалың,
Дәрігерлердің салғырттығынан
Күтіп көңіліміз қалды мұң айтып
Ана жүрегі кан жылайды
Күндіз түні есімізден кетпей қойдың
Сағынамыз, еске аламыз жоқтау айтып
«Анашым қашан келер?» деп,
«Алысқа ұзақ кеткен бе?» екен деп,
Наз қызың да сені күтуде.
«Не жазды мені тастап кеткен?» деп.
Берекесін келтірер әйел үйдің,
Жолдасың Думанға ауыр тиді.
Қыздарымды аманат еттім дегесін,
Ей, Думанжан, айналайын, есін жиды.
Тірі болсаң, отызыңа толар едің,
Ортамызда ойнап-күліп болар едің,
Он бір ай болды сені күткенімізге,
Мәңгілік кеттің-ау мекеніңе.

Сағына еске алушылар: ата-анасы Ербол-Бибігүл, ата-енесі Хазим-Жаңыл, жұбайы Думан, бауырлары Қайрат-Ақтоты, Азат-Айтолқын, қыздары Наз, Айша

